



Алматы қаласы ДСБ ШЖҚ КМК «Жоғары медициналық колледжіне» оқуға түсушілерге (талапкерлерге) арналған

## ПСИХОМЕТРИЯЛЫҚ ТЕСТІЛЕУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

Медицина саласындағы жоғары білікті маман даярлаудың негізгі факторларының бірі-оқу орнына түсу кезеңінде талапкердің психологиялық дайындығы мен медициналық бағыттылығына қабілеттілігін анықтау болып табылады. Медицина қызметкері мамандығы терең кәсіби білімді ғана емес, сонымен қатар талапкерлердің жеке психологиялық қасиеттерінің болуын талап етеді.

Кәсіби бағдарлы психометриялық тестілеудің негізгі мақсаты - аналитикалық қабілеттерді, әлеуметтік бейімделу мен мінез-құлықты, тез әрекет ету және мәселелерді шешу қабілеттерін, сондай-ақ медициналық колледж талапкерінің моральдық-этикалық және гуманистік ұстанымдарын бағалау. Психометриялық диагностика ЖМК талапкерлерін кәсіби және жеке сәйкестендірудің бастапқы заңдылықтарын зерттеуге бағытталған.

### 1. Нормативтік сілтемелер

- Ережеде келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер пайдаланылды:
- "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы (04.07.2018 № 171-VI өзгерістер мен толықтырулармен);
  - Пандемия кезеңінде білім беру ұйымдарында covid-19 коронавирустық инфекциясының таралуына жол бермеу жөніндегі шараларды күшейту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 1 сәуірдегі № 123 бұйрығы (13.04.2020 ж. толықтырулармен).);
  - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 13 шілдедегі № 297 бұйрығы. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгі қағидаларын бекіту туралы " Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 18 қазандағы № 578 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы"

### 2. Жалпы ережелер

2.1. Психометриялық тестілеуге Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 13 шілдедегі № 297 бұйрығының талаптарына сәйкес құжаттардың толық тізбесін ұсынған талапкерлер жіберіледі. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгі қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 18 қазандағы № 578 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы 4-қосымша 8-тармақ, көрсетілетін қызметті берушіге:

- 1) құжаттарды қабылдау туралы өтініш;
  - 2) білім туралы құжаттың түпнұсқасы;
  - 3) көлемі 3x4 см 4 дана фотосурет;
  - 4) № 086-У нысанындағы медициналық анықтама; "Денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттамасының нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 міндеттері (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6697 болып тіркелген), I және II топтағы мүгедектер мен бала кезінен мүгедектер үшін 088-У нысаны бойынша медициналық-әлеуметтік сараптаманың қорытындысы, "Денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттама нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6697 болып тіркелген);
  - 5) жеке басын куәландыратын құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін). Көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжаттарды жеке өзі немесе заңды өкілдері ұсынады.
- 2.2. Колледж сайтында онлайн-тест өткізу кестесі орналастырылады.
  - 2.3. Психометриялық тестілеу алдын-ала жасалған кесте бойынша өткізіледі, тестілеуді өткізуге бір күн қалғанда талапкерлерге емтихан өткізу тәртібімен танысу үшін онлайн кеңес беріледі, онда тестілеуден өту рәсімі егжей-тегжейлі түсіндіріледі, байланыс тексеріледі және орнатылады.
  - 2.4. Психометриялық тестілеуді өткізу талапкердің жеке басын міндетті түрде сәйкестендірумен және қабылдау комиссиясы тарапынан емтиханды өткізу рәсімі мен тәртібінің сақталуын тұрақты бақылаумен жүзеге асырылады.
  - 2.5. Талапкер жеке басын сәйкестендіру үшін психометриялық тест тапсырмасы бұрын веб-камераға жеке куәлігін, туу туралы куәлігін көрсетеді.
  - 2.6. Талапкердің ата-анасы онлайн тестілеу кезінде интернет байланысымен, компьютермен, ноутбукпен, смартфонмен қамтамасыз етуге кепілдік береді.
  - 2.7. Психометриялық тестілеу рәсімі бейнежазбамен тіркеледі.
  - 2.8. Тестілеудің барлық кезеңінде талапкер онлайн-режимде болуы тиіс.
  - 2.9. Психометриялық тестілеудің нәтижелері колледждің сайтында орналастырылады.

### **3. Психометриялық тестілеуді өткізу тәртібі**

- 3.1. Психометриялық тестілеу тілі (қазақ, орыс) талапкердің таңдауы бойынша өткізіледі.
- 3.2. Психометриялық тестілеу 61 сұрақты қамтиды. Сұрақтар талапкердің кәсіби жарамдылығын анықтауға бағытталған. Тестілеудің жалпы уақыты 60 минутты құрайды. Психометриялық тестілеу қорытындысы бойынша ең жоғары нәтиже (көрсеткіш) 10 баллды құрайды.
- 3.3. Психометриялық тестілеуді өткізу кезінде жол берілмейді:
  - 1) қосымша ұялы телефондарды, смартфондарды, электрондық гаджеттерді, оқу әдебиеттерін, жазбаларды және т. б. пайдалану;
  - 2) біреумен сөйлесу, орын ауыстыру және тестілеу өтетін бөлмеден кету;
  - 3) талапкер тарапынан бейнежазбаны өшіру немесе тоқтата тұру, бейне орнына фото немесе басқа экрандар қою;
- 3.4. Психометриялық тестілеуден өз бетінше шыққан жағдайда, себебіне қарамастан, талапкер үшін тестілеу аяқталды деп есептеледі
- 3.5. 3.3-тармақ бұзылған жағдайда талапкер үшін емтихан аяқталады, психометриялық тестілеу нәтижелері есептелмейді, ол туралы акт жасалады.

3.6. Қайта психометриялық тестілеуге жол берілмейді:

- 1) егер талапкер келмеу себебіне қарамастан тестілеуден өту үшін байланысқа шықпаса;
- 2) талапкер осы Ереженің 3.3 және 3.4 тармақтарын бұзған жағдайда;

3.7. Талапкердің психометриялық тестілеу нәтижелері апелляцияға жатпайды.

Қабылдау комиссиясының  
жауапты хатшысы



Л.Д. Алибекова